

№ 12007
3318 к

Көлбай АДЫРБЕКУЛЫ

XX ғасыр:

СОҢҒЫ РЕПРЕССИЯ

(1986 желтоқсан – 1989 шілде)



1

Көлбай АДЫРБЕКҰЛЫ

XX ғасыр:
СОҢҒЫ
РЕПРЕССИЯ



(1986 желтоқсан – 1989 шілде)

Сараптама, эссе

1



АЛМАТЫ "АЛАШ" 2006

ББК 63.3(5 Каз)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Кітап Халықаралық «Түркістан» апталықының 2003-2006 жылдарда
жарияланған материалдары негізінде дайындалды

Адырбекұлы К.

А 32 **XX ғасыр: Соңғы репрессия.** – Алматы, «Алаш», 2006. – бет .

ISBN 9965-669-77-5

Өткен XX ғасырда қазақ халқы талай қилы кезендерден, тарихи сындардан өтті. Бірнеше саяси репрессияны бастан кешірді. Солардың ең соңғысы Г.В.Колбин Республика басшылығына келген 1986 жылдың желтоқсанынан 1989 жылдың маусым айына дейін созылды. Ол 1986 жылғы жастардың Желтоқсан көтерілісіне Республиканың бұрынғы басшысы Д.А.Қонаевты кінәлі етіп шығару үшін барлық қитұрқы, заңсыз әрекеттерге барды. Қонаевтың кадрлары деп елдің бірнеше бетке ұстар зиялыларын «қонаевшиналар», «құлтшылдар» атап, Шымкент обкомының бұрынғы бірінші хатшысы А.Асқаровты, онымен қызметтес болғандарды «асқаровшиналар» деп жаппай қуғын-сүргінге ұшыратты.

Кітапта Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастар, Халық қаһарманы Қ.Рысқұлбеков, Ж.Сабитова, Н.Сабильянов, М.Әбдіғұлов және сол көтеріліс жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің арнайы құрылған комиссияның тең төрағасы М.Шаханов туралы мұрағат деректеріне сүйеніп жазылған қызықты жайлар баяндалады.

К 0503020905
00(05)-06

ББК 63.3(5 Каз)

ISBN 9965-669-77-5

© Адырбекұлы К., 2006
© «Алаш» баспасы, 2006

*Ол ұстаз еді. Елдің үлкені мен кішісі
«Базаркүл апай» дейтін.
Небәрі отыз жеті-ақ жыл өмір сүрді.
Бұл еңбегімді әпкем
Базаркүл АДЫРБЕКҚЫЗЫНА арнаймын.*

Автор

АЛҒЫ СӨЗ

Ұлттың бас көтерер жетекші тобына қарсы ауық-ауық репрессиялық 1 науканды жүргізіп отыру патшалық және кеңестік жүйелердің қалыптасып қалған үйреншікті шараларының бірі болатын. Тек 20 ғасырдың өзінде ғана биліктің репрессиялық актілері 1907-1911, 1916-1922, 1925-1926, 1927-1932, 1933, 1937-1938, 1948-1953 жылдары іске асырылды. Қолыңыздағы кітапта баяндалған фактілік материалдар империялық биліктің ең соңғы 1985-1991 репрессиялық шараларын куәландырады.

Репрессия – латынның *repressio* – басу, жазалау. Қазақ тіліндегі «куғын-сүргін» репрессия сөзінің дәл мағынасын бере алмайды. Сондықтан да, «репрессия» терминін біз өзгеріссіз қолдандық.

«Үлкен террор» деген атпен тарихқа енген 1937-1938 жылдардағы жаппай репрессиялау шараларын іске асырған кеңестік билік, сталиндік режимнің бұл саясатын ресми түрде XX съезде айыпталғанымен, бірақ ол саясаттан біржола бас тартпағанын тағы да ашық көрсетті. Сондықтан да перманентті, яғни, бірде ашық, бірде жабық бірақ үзіліссіз жүргізіліп отырған репрессиялық шараларды ресейлік империялық биліктің табиғатына тән ерекшелігі ретінде қарастыруға біздің толық негізіміз бар.

Көлбай Адырбекұлының кітабы Қазақстанда 1984-1991 жылдар аралығында орын алған саяси оқиғаларды қамтиды. Нақты тарихи құжаттарға негізделіп жазылған зерттеулердің, очерктердің ортақ тақырыбы «Қазақ ісі» («Казахское дело») аталғанымен, оқиғалар жүйесі екі мәселе төңірегінде орбиді. Бірі Д.А.Қонаев пен оған жақын болды деген түрлі деңгейдегі партия және кеңес, білім және ғылым қызметкерлерінің қуғынға алынуы да, екіншісі 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысына қатысты жүргізілген сот істері. Өзара тығыз байланысты бұл екі мәселені кейде тіптен бөліп алып қарау да мүмкін емес.

Кітапта баяндалған фактілік материалдармен таныса отырып мынандай бір тұжырымға келмеске шараң жоқ. Әдіс-құралдарын

патшалық жазалау мекемелерінің арсеналынан алған кеңестік билік қазақ саяси элитасына сеніммен қарап, тең қатынас жасау мәдениетін бойына сіңіре алмағандығын бұл жолы да байқатты.

«Қазақское дело» гуманизм және интернационализм ұрандарын жамылған кеңестік биліктің шын мәнінде тарих қойнауына кеткен империялық жүйелердің бірі ғана екендігін айғақтайды.

Қоғамда кең танымал фактілер Қазақстандағы жағдайды өзгерту әрекетін Орталық М.С.Горбачев билікке келген 1985 жылдан бастап қолға алғандай әсер қалдыратыны рас. Шын мәнінде бұл әрекет сол ертерек басталған дейді. Оны Көлбай Адырбекұлының бұрынғы Шымкент қорғасын зауытының директоры Рзабай Хобдабергеновты қудалау ісіне арналған тақырыбынан байқаймыз. Кітаптың осы бөлімімен таныса отырып, «Неге Орталық билік республикадағы жағдайды өзгерту ісін Д.А.Қонаевтың қызметінен кемшілік іздеуден бастады?» деген сауалдың тууы әбден табиғи болса керек. Біздің түсінігімізше оның мынандай себептері бар.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев республика басшылығында тұрған ширек ғасырлық мезгіл бұл кеңестік социалистік қоғамның өз потенциалын сарқа көрсеткен мезгілі болды. Қалай десек те, 1955 жылдан 1985 жылға дейінгі аралықта Қазақстан экономикасының басым түрде шикізаттық сипатта болғандығына қарамастан өсу жолында тұрғандығын жоққа шығару қиын. Өсу қарқыны жағынан республика Одақ көлемінде алдыңғы қатардағылардың бірі болды. Осы мезгілде қазақ халқы 2,2 есе өсіп 7 миллионға жетті.

Орталық билік, Саяси Бюро, Бас хатшы Қазақстанның Одақ өмірінде қалатын қомақты орынмен есептеуге мәжбүр болды. Көпшілік қауым Қазақстанның мұндай жетістіктерін белгілі дәреже Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімімен байланыстырды. Ол да рас-тын. Одақты қаһарлы бір орталықтан шексіз билеп-төстеу жағдайында республика басшылығында Д.А.Қонаев сияқты жан-жақты терең білімді және парасатты тұлғаның тұруы ел өміріндегі мәселелерді өз уақытында және тиесілі дәрежеде шешіп отыру үшін аса қажет фактор болғандығы ақиқат.

Сонымен бірге 80-жылдардың орта тұсына қарай қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыған терең дағдарыс нышандары анық көріне бастайды. Жалпықоғамдықтоқыраудың себебін жоғарғы билік саяси жүйемен емес, кадр саясатындағы кемшіліктермен, тіпті Одақ құрамындағы жеке ұлттардың даму деңгейімен байланыстыруға бейімділік танытты. Сөйтіп өмірге «Өзбек ісі», «рашидовшілдік»,

«әлиевшілділік» сияқты мақсатты түрде қолдан жасалған айыптаулар келді. Мемлекет ісін жүргізудегі кемшіліктерін өзгелерге аудару салу бұл кремльдегілердің ескі әдісі болатын. Сол құбылыс тағы байқалды. Олар Қазақстаннан «қонаевшылдылықты» іздеп тауып сол арқылы «тым еркінсіп» кеткен республика басшылығын, шығармашылықтағы зиялыларды, қазақ ұлтын бір тұқыртып алуды көздеді. Осы жолда кезінде өзі қалыптастырған заңдар мен этикалық өлшемдерді аяқ асты етті. Айыптауға негіз боларлық себеп таба алмаған олар енді студенттердің, партия мүшелерінің, мемлекеттік қызметкерлердің ұлттық құрамын басты тақырыпқа айналдырды. «Ұлтшылдықтың» көріністерін «ұлтшылдарды» іздеу етек ала бастады. Орталық Комитеттің хатшылары мен қатардағы нұсқаушыларынан бастап, оның республикада қызметте жүрген ашық немесе құпия өкілдеріне шейін бас көтеріп келе жатқан ұлтшылдық мәселесін айыптауға бейім тұрды. Осы мезгілде кез келген империялық жүйеге тән мынадай бір заңдылық Қазақстан өмірінде де байқалды. Ол саяси тәуелділіктегі бағынышты ұлттың ылғи да күнге, жарыққа ұмсынған өсімдік сияқты өзін-өзі сақтау үшін әл-ауқатын, білімі мен мәдениетін көтеруге ұмтылатыны бар. Бұл табиғи процесс, онсыз ұлттың өз мұратына жетуі мүмкін емес. Өз ретінде метрополия, билеуші орталық та тәуелді ұлтты бағынышты ұстаудың әдіс-құралдарын тынымсыз жетелдіріп отырады. Бұл да оның өмір сүру формасы. Өйткені, арзан, ал кейде тегін байлық көзін ұстап отыру оңай емес. Сондай-ақ бұл міндетті ашық күшке сүйеніп атқару қиын әрі қымбат. Арзан жол, әрине, идеологиялық құралдар арқылы мақсатқа жету. Ұзақ жылдар бойы, яғни XX ғасырдағы патшалық және кенестік жүйелер жағдайында мұндай идеологиялық құрал міндеттің жергілікті халықтық басқарушы және алдыңғы тобын «ұлтшылдар» ретінде айыптау әдісі атқарылып келді. Яғни орталық ылғи әділ де прогресшіл билікті орнатушы әрі оны қорғаушы жағымды күш те, ал жергілікті «ұлтшылдар» орнатылған ең әділ тәртіппен жүйені мансұқ етуші деструктивті күш. Орталықтың көпұлтты қоғамды басқару философиясының өзекті жүгі осы тұжырымға сайды.

Әр нәрсенің басталуы бар да, соны да келмек. Сол сияқты кез келген универсалды әдіс-құрал да идеологиялық қару ретінде белгілі бір тарихи мезгілде ғана өзін-өзі ақтай алады. Өз міндетін орындайды. Уақыт өте ол да ескіреді, тозығы жетеді. XX ғасырдың екінші жартысында, анығырақ айтқанда, 60-80 жылдары білім

және мәдени деңгейі өскен қазақ ұлты өзінің өткінші тіршілігінен түпкілікті мүддесін ажырата алатындай деңгейге жетіп қалған еді. Қарқынды жүргізілген орыстандыру процесі мен қатар, оған жауап реакция ретінде қоғам тереңінде ұлттық құндылықтарды түгендеу, қастерлеу және оларды қорғауға әзірлік көңіл-күйді пісіп-жетіле түсті. Және бұл ішкі рухани процесс қоғамдағы барлық буынды, барлық әлеуметтік топтарды қамтуды олардың арасында ауылдағы қарапайым қазақ отбасынан жоғарғы биліктегі басқаруыш топ өкілдері де бар болатын.

Империялық, ұлы державалық өктемдікке бұдан былай да мойынсұнып қонбау мүмкін еместігін алдымен, шығармашылық топ, анығырақ айтқанда, жазушылар білдірді. Асқар Сүлейменов «Бесатары», Олжас Сүлейменов «Азиясы» мен өлеңдері Мұқағали Мақатаев «Реквиемі» және өлеңдері, Ілияс Есенберлин «Қаһар» және басқа романдары арқылы бұл ұстанымды 70-ші жылдары-ақ білдіріп қойған еді. Үммен де, бүкпесіз ашық та.

Ұлттық дүниетанымның тереңінде болып жатқан бұл сапалы өзгерістердің, бір жағынан, өзін білдірмей тынбайтындығы айқындала түссе, екінші жағынан, оны орталықтың империялық мүдде қамында жүргендердің байқамай қалуы да мүмкін емес-тін. Өйткені бірі мен бірі аңдысып келе жатқан бұл екі ағымның әйтеуір бір бетпе-бет келері анық-тын. 80-ші жылдардың орта тұсында міне осы жолығысу өзінің финалдық сәресіне таяп келе жатты. Бұл тарихи сәттің ерекшелігі, К.Нәрібаев дәл басып көрсеткеніндей, «Кремльдегілердің біздің ойымыз тұрмақ, шындықты айтатын өз қызметкерлерінің пікірі де керек емес болған уақыт еді ол кез».

Соңына таяп қалған ғұмырын қайткенде де ұзарту қамындағы империялық орталықтың бұл мінезіне аса ұстанымды Д.А.Қонаевтың өзі де көңіл аударған еді. Ол: «Орталық республикада не болып, не қойып жатқанын қалт жібермей, қадағалап отырды және «сара жолдан» сәл-пәл мүлт кетсең, сол заматта-ақ байқап қалатын. Сосын жонарқаннан таспа тіле бастар еді. Құлақ етін жейтін, ауыр сөзге де мақұл, қызыл билікті бетке ұстап, сөгіс-мөгісін беріп жатса да ризасың. Ең жаманы – нағыз ұлтшылдыққа, я басқа да ағымдарға апарып теле салуы түк емес».

...Сөйтіп орталықтың азу тісін алты қарыс ету тәсілі М.С.Горбачев пен Е.К.Лигачевтің елді басқарған алғашқы жылдарында тіпті күшейе түсті.» (Д.Қонаев) «Ақиқаттан аттауға болмайды» (1994, 456-457 бет).

Бұл процестің елемеуге болмайтын тағы бір қызығы қарсы отырған екі жақтың бетпе-бет келіп, жүз шайысуы. Қандай тұлғалар арқылы жүрді, іске асты, соған көңіл аударуда болса керек. Біздің жағдаймызда жүз шайысудың бір жағында орталықтың, күні өткен империялық мүдденің жинақы көрінісі ретінде М.С.Горбачев тұрды. Ал, екінші бетінде ұлттың ұлттық, қазақтық мүдденің білдірушісі ролінде Д.А.Қонаев тұрды. М.С.Горбачев батуға бет алған орыстық, империялық мүдденің соңғы қорғаушысы болса, Д.А.Қонаев әбден пісіп-жетілген, бірақ панасыз қазақтың ұлттық мүдденің жанашыр білдірушісі еді. Бұл тарихи сәттің тағы бір ерекшелігі М.С.Горбачевтің әрекет-қимылы арқылы көрінген империялық мүдде қаншалықты арсыз, арсеналдығы барлық алдап-арбау әдіс-құралдарын сарқа тауысқан, сондықтан да күш қолдануға әзір сұрқия шындық екендігін таныса, Д.А.Қонаев басында тұрған ұлттық мүдде ғасырлар бойы жүргізілген қуғын-сүргіндер әбден үрейін алған, жалтақ, абай, өзіне-өзі сенімсіз, бірақ енді тұяқ серпіп қарсылық көрсете алмаса біржола жеңілерін түсінген, сондықтан да тәуекелге жақын құбылыс еді. Жеке адами, пенделік тұрғыдан келгенде М.С.Горбачев империядағы ең жоғарғы билікке өзінің қарым-қабілеті мен еркін жылпостық пен қулыққа суғару арқылы жеткен тұлға болса, Д.А.Қонаев жоғарғы билікте ұзақ мерзім табиғи құнарлы болмысын терең білім, парасат және әдіс-айлаға сүйеніп жетілдіріп отырудың арқасында жүрді. Кез келген уақытта аяусыз жазалауға даяр тұрған империялық жүйе жағдайында Қазақстан сияқты республикадағы жоғарғы билікте білім мен айлалы әрекеттің тізгінін үйлесімді қатар алып жүре алмаған адамның ұзақ мерзім нәтижелі қызмет істеуі тіптен де мүмкін емес-тін.

Ресейлік кейбір авторлар (Р.Медведев ж.б) Кеңестер Одағының ыдырауын жеке адамның, бұл арада, мәселен М.С.Горбачевтің жеке бас ерекшеліктерімен байланыстыруға құлықты. Өкінішке орай, осы тұжырымға пікірді Д.А.Қонаев та ұстанды. Бұл қате түсінік және мәселенің түпкі себебіне көз жұму. Ал мәселенің түпкі себебі кеңестік жүйенің экономикалық және әлеуметтік саясатының әлсіздігіне немесе қателігінде емес-тін, мәселе кеңестік биліктің, Одақтың империялық алып держава ретінде өзінің басқа да өмірлік потенциалын толық тауысып алғандығында еді. Соның бірі, мәселен, бұл мемлекет орыс емес ұлттардың өсіп-өну мүмкіндігіне жаңа тыныс бере алмағандығында, қайта олардың мүмкіндігін шектеп, қақпайлап орыстану жолына сала бергендігінде болатын.

Олай болса 1986 жылғы Желтоқсан бұл стихиялы кездейсоқ құбылыс па, жоқ әлде ол мақсатты әрекеттің нәтижесі ме? Кез келген қоғамдық күрделі тарихи құбылыс сияқты Желтоқсан да бұл екеуінің де элементтерінің іргелес, қатар көрінуі әбден ықтимал. Дегенмен, бір нәрсенің басы ашық. Қоғамдық өмірде кездейсоқ құбылыс болмайды. Бәрінің де өткен өмір қойнауында түп-тамыры, себебі жатыр. Ал қоғамның рухани өміріндегі саналы әрі сапалы мақсатты әрекеттердің нақты даярлаушы және орындаушылары болмақ. Д.А.Қонаев бастаған саяси топ белгілі дәрежеде 86-ның Желтоқсанының тікелей болмаса да, жанама түрде даярлаушысы, бесік жырын айтып, тербетушісі болды. Өйткені Желтоқсанның ызғарлы күндері жаңа алаңдағы жастар Д.А.Қонаев басында тұрған саяси және шығармашылық элита қалыптастырған қоғамдық атмосферада өсіп-жетілген буын болатын. Алаңға келген жастардың қойған талабына зер сала отырып, олардың сол тарихи мезгілдегі қоғамда үстемдік құрған сұраныс және талғам тілектер ауқымында көрінгендігін жеп-жеңіл аңғаруға болады. Ал ол талғам-тілектер белгілі дәрежеде соғыстан кейінгі мезгілде билікте болған ұлттық басқарушы топтың шығармашылық элитамен бірлікте қоғамда қалыптастырған жалпы ұлттық рухани ахуалдан бастау алды.

Сонымен негізгі тақырыбымызға, яғни орталықтың Д.А.Қонаев және басшылықта оған жақын болды деген топқа шабуылы неден? Қалай басталды? Соған келейік. Көлбай Адырбекұлы кітабында келтірген фактілерге қарағанда бұл әрекет мәскеулік билік қайнауында М.С.Горбачев бас хатшы қызметіне келгенше акт басталып, ал ол келген соң нақты сипат ала бастаған. Орталық неге екені белгісіз Д.А.Қонаевты «өз еркімен», зейнеткерлікке шығуына байланысты сияқты жалпыға түсінікті себептермен емес, оны «басшылық қызметінде орын алған елеулі кемшіліктері» үшін жұмыстан босату жөнінде шешім алған сыңайлы. Сондай-ақ мұндай айыптауға негіз болар фактілерді А.Асқаров пен К.Аухадиев сияқты ірі облыстардың басында тұрған басшылардың қызметінен іздеген. Басқа емес, неге осы аталған екі басшы?

Мәселе мынада. Қазақстан басшылығында ширек ғасырдан астам мезгіл жұмыс істеп келе жатқан Д.А.Қонаевтың киіп-жарып, бүлдіріп бара жатқан түгі де жоқ болатын. Д.А.Қонаев қай тұрғыдан болмасын, жеке отбасылық немесе 1) К.Аухадиев пен Р.Хобдабергеновке арналған деректі очерктер) топтық -кандық тұрғыдан алғанда партиялық жұмыста қоғамда қабылданған

этикалық өлшемдерді өрескел бұзуға жеңіл-желпі бара салатын қызметкерлер санатындағы адам емес-тін. Тіптен, оның тікелей қолдауымен ірі басшылық қызметке келді деп саналатын сол Асанбай Асқаров пен Кеңес Аухадиевтердің өздері де партиялық және кеңестік жүйенің барлық сатыларында қызмет жасап, ысылған, тәжірибелі, қоғам тарапынан іскерлігімен мойындалған тұлғалар еді. Олардың қызметке байланысты қозғалған тергеу істері мен сот процесі осы тұжырымның дұрыс екендігін дәлелдеп берді. Оларға жабылған жала қарсыластарының негізсіз әрекеті екендігін уақыт көрсетті.

Сонымен бірге бір нәрсенің басы ашық. Д.А.Қонаевтың «тым ұзақ» жоғарғы басшылықта жүргендігі осы биліктен үміткер басқа топтағылардың төзіміне сын болғандығы рас. Орталықтағы өзгерістер бұл ұстанымдағы күштердің әрекетке көшуіне түрткі болды. Орталық Комитеттегі Лигачев, Мищенко сияқтылармен өзара келісе отырып олар енді нақты әрекетке бет түзейді. Бұл ретте жергілікті басшылардың ең алдымен білек түре кірісетін ісі Мәскеудегі шенеуніктердің құлағына «сыбырлау», сөйтіп өздерінің «ішікі сырларын» жеткізіп отыруы еді. Бұл олардың сонау кеңестік биліктің алғашқы жылдарынан келе жатқан ескі «ауруы» болатын. Кезінде, яғни, 1922 жылы жас Смағұл Сәдуақасұлы, Әбрахман Байділдинге жазған бір хатында: «Мәскеуге келгенде менің байқағаным мынау. Қазақтар өз арасындағы дау-дамайын Мәскеуге жеткізбеуі керек. Әсіресе, бірінің сыртынан бірі сөз тасымағаны жөн. Билік үшін жаны мен арын сатып жүргендерге не дерсін! Біз ондайлардың жолына түспейік», – дегені бар-тын. (Сәдуақасұлы.С «Танымдық еңбектері» А.2003, 345 б)

Жоғарғы биліктегі ұлт қызметкерлерінің бұл мінезі осы тарихи тұста тағы да көрініс берді. (Д.А.Қонаев жөніндегі сараптаманы қараңыз) Мұндай мінез танытуда С.Шәймерденов, Ә.Әбішов сияқты ақсақал жазушылар да ешкімнен кем түспеді. Соңғысы тіптен Колбинге «Біз сізді 25 жыл күттік!» деп салды. (Сонда).

Сонымен, Д.А.Қонаевты қызметтен алып, сондай-ақ ол жіберген «қателіктер мен кемшіліктерді» «қонаевшылдылықтың» көрінісі ретінде бүкіл Одақ көлемінде жария етуден үміттенген Орталық бұл ойын іске асыруды А.Асқаров басқаратын Шымкент облысынан

**1985 жылы Орталық Комитеттің сәуір Пленумында жоғарғы саяси билікке М.С.Горбачев бастаған топ келді.*

бастады. Құрамында Калининченко, Воронов, Шведюк, Мызников, Клещев сияқты Мәскеудің тергеушілер бригадасы «Казакское дело» атаған бұл іс жөнінде заң қызметкері, полковник Бекбосын Көбеевтің көрсетулерінде мынадай тұжырым айтылды: «Әуелі Мәскеудегі Орталықтың тергеушілері Гдлян мен Иванов «Узбекское делоны» қозғап, көршілердің игі жақсыларын айыпқа тартып, елдің бей-берекетін қашырған еді. Артынша топ сол тәсілді Мәскеу Қазақстанға да қолдануды ойға алды. Оны Орталық басылымдарда «Казакское дело» деп атады. КСРО Бас Прокуратурасының аса маңызды қылмыстық іспен айналысатын В.Калининченко тобын 1984 жылы тамызда Оңтүстік Қазақстанға жіберді. Олар Шардара су қоймасының Алтын жағалауында жатып, Облыстық Ішкі істер басқармасындағы БХСС бөлімінің бастығы Ярцевпен астыртын кездеседі. Облыстың бұрынғы басшысы Асқаровтың үстінен іс қозғаудың неше түрлі амалдарын ойластырды. Оны қалай да паракор, қызмет бабын асыра пайдаланушы, ұлтшыл етіп, сол арқылы құдасы Д.Қонаевты қорлау. (Қараңыз «Асанбай Асқаров»)

Мәскеулік бригада ақыры «Қазақ ісін» жасаудың ең төте жолын тапқандай болды. Асқаровқа қатысты болуы мүмкін деген бірқатар аудан, мекеме және өндіріс орындарының басшылары жауапқа тартып, абақтыға жабылды. Олардың арасында Шымкент қорғасын зауытының директоры Рзабай Қобдабергенов, облыстағы партия комитеттерінің бірінші хатшылары Ұланбек Арғынбеков, Әбдіқадыр Мұстафаев, Лесбек Бекжанов, Облыстық партия комитеттерінің қызметкерлері Тұрмысбек Ахметов, О.Көпбаев, Ә.Көмекбаев, Қ.Ақмырзаев және Е.Тасанбаев бар еді. Осылайша Қазақстандағы кеңестік саяси репрессияның жаңа кезеңдегі көрінісі болған «Қазақ ісі» басталып кеткен-ді.

Сот процесінің барысы жөнінде оқырман кітаптан жеткілікті мәлімет алары хақ. Кеңестік биліктің репрессия саясаты тарихымен жақын таныс зерттеуші ретінде «Қазақ ісіне» байланысты тұжырымдарға назар аударған-ды жөн деп білемін.

1. Кеңестік биліктің соңғы кезеңінде Орталық тарапынан қолға алынған «Қазақ ісі» кездейсоқ құбылыс емес-тін. Бұл Д.А.Қонаевтың жоғарғы билікте жүрген мезгілінде өсу, жаңғыру жолында тұрған қазақ халқының ұлттық санасын мұқатуды, тіптен, оны сындыруды көздеген. Арнайы ойластырылған шаралар кешені болатын. «Правда», «Известия» және басқа Орталық басылымдар арқылы бірінен соң бірі жарық көрген «Паутина» («Шырмауық») сияқты

материалдар, «Қазақ ісі», «Метель» және басқа жобалар біртұтас империялық бағдарламаның құрамды бөліктері. Халықты арбап-алдап ұстауға жұмсайтын түрлі идеологиялық әдіс-құралдарын тауысып алған империялық орталық енді ұлттық бас көтерулерге қарсы күш қолдануға көшті. Оның бұл әрекеті әуелде «Қазақ ісі» аталған сот процесі түрінде басталды, артын ала сексен алтының Желтоқсанында «Метельге» ұласты.

2. Империялық жүйе дағдарысы – соған дейін перде жамылып келген шындықтың нағыз бет-бейнесінің көріну сәті болды. Орталық өзінің ішкі пиғылын анық байқатты. Кеңестік империализм саясаты империяның соңғы сәтінде өзінің жалған, сұрқия бетін көрсетіп алды.

Өткен ғасырдың 20 жылдары «Қазақ сауатсыз, надан, социализм құру үшін оны ағарту қажет» деген Орталық билік, енді Соломенцев сияқты шенеунігінің аузымен «Қазақ тым оқып кетті», республикадағы оқу орындарының саны, ондағы білім алатын студенттердің құрамын қайта қарау керек» деген тұжырымға келді.

Осы арада мынадай тарихи жағдайға көңіл аударған жөн. Д.А.Қонаев бастаған республикалық басшылық кезінде «білімді ұрпақ – адаспайтын ұрпақ» ұстанымында болып Қазақстанда жеткілікті молшерде жоғары оқу орындарын ашып тастады. Бұл стратегиялық тұрғыдан өзін-өзі ақтаған іс еді. Басқаша айтқанда бұл ұлт тағдырында болып тұратын аумалы-төкпелі жағдайларға білімді қарсы қою әрекеті болатын. 80-жылдардың екінші жартысында Орталық Қазақстан сияқты ұлттық республикаға мұндай мүмкіндіктің берілуі өзі үшін қате шешім болғандығын түсінгендей болды, бірақ кеш еді. Бұл ретте бүгінгі және келер ұрпақ Д.А.Қонаевтың өз қызметінен кетер алдында сол тұстағы Жоғары білім министрлігі К.Нәрібаевқа айтқан мынандай аталы сөзін еске ала жүретін болады: «Көпжасар, Мәскеу тексеріп жатыр деп қаймықпа. Ешкімге де жалтақтамай, қазақтың балаларын оқыта бер. Ісі қазақтың Отаны осы. Өз елінде оқымаса, қайда оқиды олар? Және оларды сен оқытпасаң, мен оқытпасам, кімнің жаны ашиды? Ойлан, шырағым, өз халқың үшін қызмет ет. Ал мұндай үлкен істерді үндемей жүріп бітіру керек». («Академик Көпжасар Нәрібаев» аталатын тарауды қараңыз).

Сонымен бірге Л.Полежаев, А.Рыбников, Б.А.Демин сияқты қазақ жерінде туып-өскен ұлты орыс азаматтар биік адамгершілік қасиеттердің ешқандай да жасанды, «измдерсіз-ак» барлық халыққа

да тән ортақ құндылық екендігін өздерінің нақты іс-әрекеттері мен ұстанымдары арқылы танытты. (Қараңыз «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев» аталатын тарау)

3. «Қазақ ісі» Желтоқсан оқиғалары тұсында мәскеулік билік барлық адамгершілік және заңдық нормаларды мансұқ етті. Сол арқылы өзінің ұлтаралық қатынаста ешқандай да биік гумандық мақсат-мұраттарды емес, нағыз империялық, ұлы державалық ұстанымда тұрғандығын көрсетті. Оның осы ұстанымда тұрғандығын өз іс-әрекетімен танытқан Калининченко, Абдиевский сияқты тергеушілері «Қонаев пен Асқаров біздің қалтамызда, тек бұйрық берсек болды, түрмеге отырғызады. Бұған біздің толық құқымыз бар», – деген ойды білдірді. Бұл сол кездегі шындықты айғақтайтын сөздер болатын.

Соңғы саяси репрессия тұсында тергеу ісіне тартылған адамдарға байланысты өткен ғасырдың 30 жылдары ОГПУ орындары қолданған әдіс-айла сол күйінде іске қосылды. Тіптен олардан тиесілі көрсетулер алу үшін медицина мен техниканың соңғы жетістіктері көмекке тартылғандығы байқалады. 1937-1938 жж. ОГПУ қазақ зиялыларын жаппай қуғын-сүргінге алғанда «Адам болса, іс табылады» ұстанымын басшылыққа алған болатын. Бұл жолы да солай болды. Мәселен, «пара алады» деген желеумен тұтқындалған Шардара аудандық пария комитетінің бірінші хатшысы Л.Бекжанов қамауға алынған төрт күннен соң ғана айыптауға негіз боларлық құжаттар жинала бастаған. (Қараңыз «Асанбай Асқаров»)

А.Асқаров Бішкекте өткен сот процесінде сөйлеген сөзінде «Тергеушілер Калининченко мен Клещев ойлап тапқан айыптарын еріксіз мойындату үшін рұқсат етілмейтін зорлық-зомбылықтың жан түршігерлік тәсілдеріне барғандығын тілге тиек етеді. Ұрып-соғу, қорқыту, үрей туғызу, олар жатқан камераға баскесер жауыздарды жіберу, тергеу алдында құрамында есірткінің коспасы бар, уақытша ақыл-естен айыратын дәрі-дәрмектер шаншу т.с.с әдіс-айлалар үйреншікті көрініске айналды. Сол арқылы Ресей империализмі өзінің адамзат тарихындағы ең бір әділетсіз жүйе екендігін тағы да байқатты.

4. Соңғы репрессия сондай-ақ қазақ халқының, Қазақстанның ұлттық өркендеуі жолында тұрған ең үлкен кедергі – бұл рулық-жүздікалауыздық екендігі тағы да байқалады. Сондай-ақ бұл көңіл-күйдің жоғары билікте жүрген және шығармашылықтағы топтың арасынан көрінгендігі адамды түрлі жағымсыз ойға, түбінде осы көңіл-күйдің

бір апатқа апарып соқтыруы мүмкін-ау деген тұжырымға жетелейді. Қонаев пен Асқаровтың үстінен оларды айыптауға негіз боларлық көрсетулер жазып бермеген Рзабай Хобдабергеновке сол кездегі республиканың бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов: «Әй, Рзабай, сен Ақтөбенің қазағы емессің бе? Солардың үстінен жаза салуға несіне сонша қиналасың?», – деген сөзді айтады. Сонда Республика прокурорына Р.Хобдабергенов: «Ақтөбенің қазағында ар-намыс жоқ деп кім айтты сізге? Сіз бұл жөнінен қатты қателесіп тұрсыз... Қайран Тұрар мен Халел! Осындай жаладан жер жастанған екенсіңдер-ау,» – деп жауап береді. (Қараңыз: «Рзабай Хобдабергенов» тарауы)

Соңғы репрессияға барған мәскеулік орталық қазақ халқының жалпы мәдени және саяси деңгейі жоғары емес деп түсінді. Ал өмір болса, нақты жағдайдың мүлдем басқа екендігін көрсетіп берді. Көлбай Адырбекұлының уақытында жазылған және ойлы кітабы осындай тұжырымға жетелейді.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Дінмұхамед Ахметұлы ҚОНАЕВ

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы жазылған естеліктер көп. Көз көріп, бірге қызмет істегендердің сол жазғандары «Естен кетпес ұлы есім», «Кемеңгер Қонаев» және «Елу жыл ел ағасы» кітаптарына жинақталған. Өзі де көпшіліктің қолқа салуымен өмірінің соңғы жылдары «Өтті дәурен осылай» мен «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік кітаптарын жазды.

Д.А.Қонаев сол еңбектерінде Скворцов, Борков, Шаяхметов, Пономаренко, Брежнев, Яковлев, Беляев, Юсуповпен үзеңгілес жүріп, ел тағдырын қалай шешкендерін, өзі ширек ғасырға жуық республикада бірінші басшының ауыр жүгін арқалағанын, осынау жылдар бедерінде елдің әлеуметтік - экономикалық жағынан жоғары дамығанын, Одақтың тізгінін ұстаған адуынды Хрущевпен арадағы келіспеушіліктің салдары мен себептерін егжей-тегжей баяндай келіп, Брежнев, Андропов, Черненко, Горбачевтың мемлекет басқарудағы істеріне лайықты бағасын берген.

Американың Колгейт университетінің докторы, саяси ғылымдардың профессоры Марта Брилл Олкот Қазақстанды сегіз жыл зерттеген жан. Ол 1987 жылы жарыққа шыққан «Қазақтар» атты монографиясында: «...Осынау кадрлар ішіндегі айрықша көзге түсетін 1986 жылға дейін Қазақстан Коммунистік партиясының Бірінші хатшысы қызметін атқарған, Саяси Бюроның қазақ арасынан бұрын-соңды тұңғыш рет мүшесі болған Д.А.Қонаев болатын. Ерекше атап айтатын мәселе – осыншама уақыт ішінде Д.А. Қонаев жай ғана қатардағы қазақ болып қойған жоқ, сонымен қатар ол республика партия ұйымының Мәскеудегі уәкілі және Л.И. Брежневтің кезінде өз қолындағы мол билікті Қазақстанда да, Мәскеуде де тұрақты ұйымдастырушылық база жасауға пайдаланды.

...Килиэри (Қазақстан туралы ғылыми мақала жазған австралиялық ғалым – К.А.) республиканың билік таразысының төмендейтінін тежейтін үш факторды назардан тыс қалдырған. Бұл біріншіден, славяндардың эмиграциясы тек қана тың және тыңайған жерлерді игеру бағдарламасымен байланысты уақытша құбылыс екендігі; екіншіден, қазақстандықтардың табиғи өсімінің әсерінен болған демографиялық өзгеріс; үшіншіден, Д.А. Қонаевтың жиырма жылдан астам уақыт бойы бірінші хатшы ретінде беделді әрі мықты басшылық қызмет еткені. Д.А. Қонаевтың басшылығымен қазақтар партияның да, үкіметтің де жетекшілік қызметтеріне көптеп тартыла бастады. Сол кездерде сан жағынан орыстардың жергілікті кадрлардан басымдылығы бұрынғыдай емес, азая бастады. Бұл әсіресе, 1971 жылдан кейін Д.А. Қонаев партияның Саяси Бюросының толық мүшесі болып сайланғаннан кейін күшейе түсті. Батыста көптеген адамдар Д.А. Қонаевты Л.И. Брежневтің қолдап қойған кісісі, өз халқымен еш байланысы жоқ, орыстанып кеткен қазақ деп сырттан тон пішкен болатын. Алайда, нақты дәйектер бұл жаңсақ пікірді жоққа шығарады.

...Д.А. Қонаев Л.И.Брежневтің саясатын жалғастыруды жақтағаны үшін Ю.В. Андроповтан да, М.С. Горбачевтан да «таяқ жеген» секілді. Аса бір таңдай қағатын жәйт Д.А.Қонаев М.С.Горбачевтың он сегіз айға созылған ұзақ шабуылына төтеп берді.

...Д.А. Қонаевтың қызметтен «кенеттен» алынғаны 1986 жылғы 16 Желтоқсанда жайбарақат түрде ғана хабарланды. Бірақ ол кісінің орнына республикамен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын орыс адамы келді деген хабар Алматыда орын алған үлкен толқуға түрткі болды. Бұл оқиғаның дүмпуінің қатты болғаны соншама – Кеңес баспасөзі ол туралы құлақтандырмай тұра алмады» (Ағылшын тілінен аударған, профессор Әділ Ахмет.)

Осыған орай «Казакское дело» тақырыбына байланысты Д.А. Қонаевтың Горбачев пен Колбин кезеңіндегі тағдыр-талайы әңгімеге арқау болды.

КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа шабуыл 1985 жылы басталды. Әуелгіде «Правда» және «Известия» секілді одақтық мерзімдік басылымдарда, тырнақ астынан кір іздеген сын мақалалар жарияланды. Авторлардың тапсырысты орындағандары айдан да

анық көрініп тұрды. Өйткені Саяси Бюро мүшесінің атына сын айту дәстүрде жоқ кез еді. Олар КПСС Орталық Комитетінің Бас хатшысы Михаил Сергеевич Горбачевтың оған деген салқын көзқарасын арқаланып, ықпалды қолдауына сүйенді.

Қонаев 1994 жылы «Санат» баспасынан жарық көрген «Ақиқаттан аттауға болмайды» естелік-эссесінде:

«...Ісің оңалғанша итіңе қол арта тұр деген осы. Әйтпесе, арамздан ала мысық өтіп кете қоярлықтай үш-төрт жылдың көлемінде ешнәрсе бола қойған жоқ. Қараптан-қарап жүріп нілдей бұзылды. Сірә, Мәскеуде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «екіжүзді» бюро мүшелерінің тарапынан «хан» сыртынан жұдырық көрсетулер болмай қалмаса керек. Бір кебісті бір кебіске сұқпаса, қазақ қарап отыра ала ма?» (425 б).

Қонаев жұмбақтап отырған жан кім? «Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең істің бәрі бос!» Данышпан Абайдан даналық сөз қалған ба. Мұны мансапқор пенде қаперіне алмаса не шара.

Ал Горбачев адам ретінде кім? Ол жоғары билік басына қалай келді? Горбачев өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында Ставрополь өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болатын. Оның кезінде өлке халық шаруашылығының қай саласынан да биік көрсеткіштерге жеткен емес. Бірақ иненің көзінен өтетін ылпың-жылпың қулығына құрық бойламаса керек.

Қонаев: «...Өмір қызық қой. Өз түзетулерін қалай енгізгенін байқамай да қаласыз. Мен білетін Горбачев Бас хатшы Горбачевке мүлдем ұқсамайтын. Ставрополь өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы кезінде аса кішіпейіл, елгезек, үлкенге инабатты, кішіге құрметпен қарайтын сияқты еді. Мен Қырымға барып дем алған сайын ерінбестен Минералсуларына келіп, құшақ жая қарсы алатын. Ерінбестен Минералсуларына келіп, қимай шығарып салатын. («Ақиқаттан аттауға болмайды» 396 б.).

Ол сол кезде тек Қонаевқа жайылып төсек, иіліп жастық болды ма. Өзінің мансапқорлық мақсатына жеңіл жету үшін шипажайға Саяси Бюро мүшелерінен кімдер келіп кетсе де, сондай құрмет көрсеткені анық. Ресей журналдарының кейбіріндегі мәліметтерге қарағанда, оның мақсатына жетуіне әйелі Раиса Максимовна мен КПСС Орталық Комитетінің хатшысы Юрий Владимирович Андроповтың «ерекше» сыйластықтары да әсер етсе керек.

Дінмұхамед Қонаев 1982 жылы 12 Желтоқсанда 70 жасқа толды. Сонда КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының құттықтауынан бөлек Горбачев өз атынан Алматыға жеделхат жөнелткен.

«Қымбатты, Дінмұхамед Ахметұлы! Зор құрметті сезіммен және шын жүректен Сізді жетпіс жасқа толуыңызбен және Отанымыздың жаңа тамаша наградасымен құттықтаймын!

Бүгін Сізге асқан ұйымдастырушы және басшы екеніңізді, біздің партиямыз бен халқымыздың мүддесі жолында адал да шексіз беріліп, қызмет етудің үлгісін көрсетіп отырғаныңызды әділетті түрде және бар дауыспен жар сала айтқым келеді. Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің зор жетістіктері және гүлдене түсуі соның дәлелі. Қазақстанның миллиард пұт астығы республика жағдайында КПСС-тің аграрлық саясатының, Леонид Ильичтің ақыл-кеңестері мен нұсқауларының қалай көзін тауып, табандылықпен және шығармашылықпен жүзеге асырылып жатқандығының жарқын көрінісі.

Сізге, қымбатты Дінмұхамед Ахметұлы шын жүректен жақсы денсаулық пен бақыт, КПСС XXVI съезінің шешімдерін орындауда жаңа шығармашылық күш-қайрат және зор табыс тілеймін. Қолыңызды қатты қысып, құшақтап сүйемін! М.Горбачев.»

Құттықтауында мін жоқ. Бірақ осы ыстық ықыласты сөздер оның шын жүрегінен шықты ма?.. Гәп сонда. Ол өзіне ұпайды осылай да жинады.

1985 жылы 10 наурызда К.У. Черненко дүниеден өтті. Ертеңіне яғни, 11 наурызда КПСС Орталық Комитетінің кезектен тыс Пленумы болды. Қонаев:

«... Бақсақ, осының алдында ғана Горбачевті Бас хатшылыққа ұсынуға байланысты Саяси Бюроның ат төбеліндей ғана мүшелері қатысқан мәжілісі өтіпті. Бұған не Щербицкий, не Романов шақырылмаған. Менің өзім хабарды кеш алдым.

... Олар мұны күнілгері жұптап қойған. Неге десеңіз, егер Саяси Бюро мүшелері төрт көзі түгел қатысса, қауіптің қайдан тонерін Горбачев жақсы білген. Онда оның есімінің ауызға алынуы екіталай. Менің ойымша, бұл арада таразы басы Григорий Васильевич Романов жағына ауып кету қаупін Михаил Сергеевич бұрыннан білген. Саяси әлемде Романовтың өз салмағы бар. Партия қызметінде әбден ысылған». («Ақиқаттан аттауға болмайды». 347-348 бб.).

СССР Сыртқы істер министрі Андрей Андреевич Громыко Саяси Бюро мәжілісінен кейін КПСС Орталық Комитетінің Бас хатшылығына ұсынылған Горбачевтың кандидатурасын Орталық Комитеттің Пленумы қарауына ұсынды. А.А. Громыко:

«...Михаил Сергеевич білімі жөнінен де, жұмыс тәжірибесі жөнінен де жан-жақты терең адам. ...Бұл адам проблемаларға терең саралап қарай біледі деп айтар едім. Бұл – ақиқат шындық. Бұл жөнінен алғанда оның шеберлігі керемет. Ол қорытынды жасаудан бұрын мәселенің анық-қанығына әбден жетіп алады. Ол проблемаларды жақсы талдап қана қоймайды, сонымен бірге қорытындылар мен тұжырымдар да жасайды. Ол Саяси Бюроның мәжілістерінде,

Орталық Комитет секретариатының мәжілістерінде мұны талай рет көрсетті де» («Қазақстан коммунисті» №3, 1985ж).

Баспасөз құралдарына сенсек кейін Громыко сол Пленумда өзін де, өзгелерді де алдағанына қатты өкініпті. Горбачевтің нағыз бет-бейнесі таққа отырған күннен бастап көрініс берген. Ол әуелі өзінің басты қарсыластарынан құтылуды қолға алды. Содан бір жыл бұрын Эрмитажда қызының ұзатылуы тойын жасағаны үшін Романовты Ленинград обкомның бірінші хатшылығынан ығыстырды. Өзін өзгелерден ақылды сезініп, басқалардың пікірлеріне құлақ اسپайтынды шығарды.

«...Брежневтің тұсында Саяси Бюро мәжілістерін өткізу тәртібі қалай болса, Андропов пен Черненконың кезінде солай сақталды. Тек Горбачев бірлі-жарым өзгеріс енгізді. Ол мәжіліс басталар алдында ең кемі сүт пісірім уақытта сөз сөйлеп, талқыланатын мәселелер жөнінде өзінің пікірін алдын ала айтып алатын. Мұның өзі аяқ-қолынды «байлап» тастағанмен бірдей әрекет еді. Бас хатшы қалай жүрсе, сен бүйректен сирақ шығармай, нөқтаулы бұзаудай солай қарай жүр деген емеурін. Қысқасы, еркін пікір алмастырмаудың айла-шарғысы. Оның ұсынысы мүлтіксіз орындалуға тиіс» («Өтті дәурен осылай». 1992 ж. 373 б).

Горбачевтың қайға құру саясатының елді күйзеліске ұшыратуының ең басты себебі осында тәрізді. Дара басшылық, «өзім білем» кеудемсоқтық, көпірме көп сөзділік, халықты қашанда орға жыққан ғой. Алғашқыда халық оның жастығына сенім артты. Алайда ел экономикасы «тоқыраудан» да бетер тұралағанда, оның кім екенін сонда ғана білді.

1986 жылы 5 ақпан күні Алматыда Қазақстан Компартиясының XVI съезі ашылды. Республикада Д.Қонаев үшін бұл ең соңғы съезд еді. Ол Орталық Комитеттің есепті баяндамасында он бірінші бесжылдықтағы жетістіктер мен кемшіліктерге кеңінен тоқталды. Өткен бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші бесжылдықтарды қоса есептегенде қанша өнім шығарылса, он бірінші бесжылдықта сонша өнім өндірілгенін, республика экономикасын өркендетуге 50 миллиард күрделі қаржы жұмсалғанын, оның оныншы бесжылдыққа қарағанда 15 процент көптігін, Отанға 63 миллион тонна астық тапсырылғанын тілге тиек етті.

Сол съезде әдеттегіден тыс тосын жайлар болды. Горбачевтің Қонаевқа қырын қарап, қыр көрсетіп жүргенін байқаған кейбір республика басшылары мен обкомның бірінші хатшылары Мәскеудегілердің назарларына ілініп қалу үшін барын салып жанталасты. Жарыссөзге шыққан олар жариялылықты желеу етіп, баяндаманы жөн-жосықсыз сынға алды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы З.К. Камалиденов:

«...Біз лениндік ұлт саясатының жетістіктерін шын мәнінде мақтаныш тұтамыз. Алайда, өкінішке орай, окшаулану сарқыншақтарының әлде де үйреншікті сана-сезім деңгейінде қалып отырғанын көрмей тұра алмаймыз.

...Біздің кадрлар құрамымыз өз қатарын барлық ұлттар мен халықтардың үздік, неғұрлым лайықты өкілдерін топтастырып отыр. Бірақ мұнда да кадрларды іріктеу, орналастыру, резервін жасақтау, оларды жоғарылату мәселелері бүгінгі күннің партиялық талаптарына сай болуы үшін әлі де елеулі жұмыс жүргізу қажет. Бұл талап жоғары оқу орындары мен техникумдарға студенттер мен оқушылар қабылдау, ғылым мен мәдениет саласы өкілдерінің тепе-теңдігі, жұмысшы табының ұлттық отрядтарын қалыптастыру сияқты мәселелерге де, еңбекшілер өздерінің хаттары мен ұсыныстарында әділ атап көрсетіп отырған басқа да өмірлік маңызы бар проблемаларға да қатысты».

Демек, институттар мен техникумдарда сан жағынан ешқандай ұлт өкілдеріне артықшылық болмауы керек. Тепе-теңдік сақталған жағдайда ғана бұл партиялық талапқа сай келеді екен.

Қызылорда обкомының бірінші хатшысы Е.Н. Әуелбеков:

«...Абыройын жоғалтқан адамдардан батыл айырылысудамыз. Тек өткен жылы ғана жағымсыз себептерге байланысты облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің номенклатурасына енетін 159 адам қызметтерінен алынды.

...Облыстағы мұндай жағдай бірден пайда бола қалған жоқ, жылдар бойына қалыптасты. Бұл туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы мен оның бөлімдері біле ме? Егер білген болса, неліктен пәрменді шаралар қолданбайды? Онымен қоймай, облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Әбдікәрімов қандай еңбек сіңіргені белгісіз Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі болып жоғарылатылды. Ізінше көп ұзамай-ақ ың-шыңсыз босатылды. Өткен жылдың бас кезінде келесі бұрынғы бірінші хатшы Есетовті де құрметпен пенсияға шығарып салды. Олардың бірде-біреуі де Орталық Комитеттің тарапынан өз қызметтеріне қатал принципті баға алған жоқ. Әділін айтсақ, республикада Асқаровтың, Аухадиевтің, Қойшымановтың және басқа да кейбір адамдардың қызметіне тиісті саяси баға берілмеді. Мұның бәрінің де әлбетте кадрлар тәрбиелеуге тигізер пайдасы жоқ, қайта әртүрлі қауасет туғызуда» («Социалистік Қазақстан» №34, 8 ақпан 1986ж.)

Қонаев аталмыш естелігінде Қазақстан Компартиясының XV съезі мен XVI съезден алты ай-ақ бұрын болған Орталық Комитетінің XVIII пленумында Әуелбековтың өзін асыра мақтап сөйлегенін,